

Лексикалық тақырып: Еліміздегі демографиялық мәселелер.
Грамматикалық тақырып: Салыстырма мәнді құрылымдар.

Берілген суреттерге назар аударып, демографиялық мәселелер бойынша ой бөлісіңіз.



1-тапсырма. Тірек сөздермен жұмыс.

Демография, халық, ұлт, халық санағы, өсу қарқыны, туу, өлу, миграция, даму, ұрпақ, көшу-қону, табиғи жағдай, ұдайы өзгеріс, отбасы, денсаулық, қоғам, экономика, әлеуметтік-экономикалық, өсім, мемлекет, саясат, иммиграция, эмиграция, халықтың табиғи өсімі.



Ойтүрткі. Келесі сұрақтар бойынша пікір алмасыңыз?

1. Дүние жүзіндегі адамдардың саны қанша?
2. Халық санының қазіргі жағдайы қандай?
3. Халық қандай жағдайда көбейеді?
4. Қазақстанда қанша ұлт өкілі бар?
5. «Демография» деген ұғымды қалай түсінесіз?
6. Қандай қазақстандық демографтарды білесіз?



Тыңдаймыз. Оқимыз.

2-тапсырма. Мәтінді негізгі ақпаратты түсіну мақсатында оқып шығыңыз.

Демография (грекше демос — халық) — белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, этникалық топтың санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.

1855 ж. француз ғалымы А.Гийардың еңбегінде «демография» термині тұңғыш рет қолданылып, автор оған «адамзаттың табиғи және әлеуметтік тарихы» деген анықтама берген.

Демография адам популяциясын оның көлемі мен құрылымына сәйкес, яғни жынысы, жасы, отбасылық жағдайы және этникалық шығу тегі бойынша, сондай-ақ, осы популяцияның туу, өлу және миграция коэффициенттеріндегі өзгеруі тұрғысынан статистикалық зерттеу.

Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, өсу мөлшерін, дамуын анықтау. Халықтың ұдайы өзгерісі – ұрпақ алмасу, туу мен өлу, яғни табиғи жағдай арқылы жүзеге асады. Белгілі бір аймақтағы халықтың өсу мөлшерінің өзгеруі адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі (иммиграция) мен олардың бөтен аймақтарға қоныс аударуына (эмиграция), яғни халықтың көшу-қону қозғалысына да байланысты. Сондай-ақ халық санының өзгеруі адамдардың жасына, отбасы жағдайына, балалар санына немесе білім деңгейіне, мамандығына, әлеуметтік ахуалына орай бір күйден екінші күйге, бір топтан екінші топқа ауысуына тәуелді. Кең мағынасында алғанда, халықтың ұдайы өзгерісі дегеніміз оның санының, құрамы мен орналасуының табиғи жағдайларға және миграцияның ықпалына қарай өзгеріп отыруы. Отбасының құрылуы, оның дамуы мен күйреуі демографияда дербес мәнге ие. Демографияда халықтың және оның бөліктерінің өзгеруі тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар сапалық тұрғыдан да қарастырылады. Мысалы, белгілі бір жастағы адамдардың санының өзгеруімен қатар олардың тұлғалық дамып-жетілуі, денсаулығындағы өзгерістері де назарға алынады.

(интернет материалынан)



Мынадай жауаптар алу үшін қандай сұрақтар қою керек

1. Демография грек тілінен енген сөз, халық деген мағынаны береді.
2. Демография халықтың өсуі мен кемуін зерттейтін әлеуметтік ғылым саласы.
3. Демография терминін алғаш енгізген француз ғалымы А.Гийар.
4. Адамдардың басқа жерлерден көшіп келуі иммиграция, ал басқа аймақтарға қоныс аударуы эмиграция деп аталады.
5. Демографиядағы ең басты мәселе – халықтың ұдайы өзгеруін, дамуын анықтау.



Тілдік анықтамалық. Салыстыру – бұл екі объектіні салыстыру үшін қолданылатын бейнелі құрылым. Салыстыру - бұл екі зат арасындағы ортақ қасиетті табу. Сөйтіп бір объектіні екінші объектімен салыстыру.

Салыстыру мәнді құрылымдар құбылыс не затты екіншісімен салыстыру арқылы оның сөйлемдегі негізгі ерекшеліктерін көрсетеді немесе мағынасын (ұғымын) түсінуге көмектеседі.

Салыстыру – айтар ойды айқындайды, сөзді байытады, оны ерекше бейнелі етеді.

Объекті арасындағы айырмашылықтар мен ерекшеліктерді білдіру үшін қазақ тілінде сын есімнің салыстырмалы шырайы қолданылады. Салыстырмалы шырай -ырақ,-ірек,-рақ,-рек,-лау,-леу,-дау,-деу,-тау,-теу қосымшаларының көмегімен жасалады. Мысалы, көп – көбірек, аз – аздау т.б. Салыстырмалы шырай келесі сөздермен тіркесте қолданылады: **қарағанда, гөрі, менікінен, сенікінен, сіздікінен..., тәрізді, сияқты, секілді.** Мысалы: 90-шы жылдарға **қарағанда** қазіргі уақытта халық саны анағұрлым артқан.



3-тапсырма. Берілген сөйлемдерді салыстырма мәнге ауыстырып жазыңыз.

Орталық Азия елдері туралы мәліметтерге сүйенсек, бізбен бірге Тәуелсіздік алған өзге төрт мемлекет – Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан елдерінің бәрінде демографиялық өсу барын байқаймыз. Өзбек халқында демографиялық дүмпу бар екенін көреміз. Олар 25 жылдың ішінде 30 пайызға көбейген әрі негізгі ұлт – өзбектердің саны жылдан-жылға артып келеді. 2030 жылдары Өзбекстандағы халық саны 40 миллионға жетеді деген болжам бар. Қазірдің өзінде 30 миллионнан асып үлгерген. Орталық Азия бойынша тек Қазақстанның ғана демографиялық өсімі баяу болып тұр.



4-тапсырма. Берілген суреттерді салыстыра отырып, сөйлем құраңыз.



5-тапсырма. Нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.

Біз ерте заманға қарағанда, бір орында тұрмайтын, үнемі өзгеріске түсіп отыратын өмір сүреміз. Бізді бір қаладан екінші қалаға немесе жүрген толассыз, сансыз адамдар қоршайды. Азық пен су, жер ресурстары, жанармайға деген қажеттіліктердің өсуі, климаттың өзгеруі - осының барлығы

біздің ғаламшарымыздағы тынымсыз күрт өсуіне байланысты орын алуда. Бүгінде 2017 жылдың шілде айындағы біздің ғаламшарымызда 7,520 млрд. адам тұрады.


Қажетті сөздер: әлемде, көшіп, саяхаттап, халық санының, статистикаға сәйкес




6-тапсырма. Берілген мәтіндегі нақты ақпаратты оқып, топ болып талқылаңыздар.

Б.з.б 1000 жылы археологтар ғаламшардағы адамдар саны небәрі 10 миллион ғана болғанын есептеген екен. Мыңдаған жылдар өтіп 1800 жылы өндірістің дамуы есебінен жердегі адам саны 1 миллиардқа жеткен. Ең қызығы 1960 жылдары әлемдегі халық саны бірден 3 миллиардқа, ал 1999 жылы 6 миллиардқа жеткен. 2011 жылы халық саны 7 миллиардқа жетті. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы халық санының мұншалықты жылдам өсу адамзат тарихында бұрын-соңды орын алмаған. 2010 жылғы есеп бойынша әлемдегі халықтың 60%-ы Азияда, 15,5%-ы Африкада, 10,4%-ы Еуропада өмір сүрген. Әлем бойынша халық саны жөнінен көш бастап тұрған Қытайдың 2017 жылғы тамыздағы көрсеткіші 1 385 923 000 құраған. Халық саны аса көп елдер қатарына Үндістан, АҚШ, Индонезия, Бразилия, Ресей, Мексика, Жапония кіреді. 2017 жылдың шілде айындағы соңғы статистикаға сәйкес біздің ғаламшарымызда 7,520 млрд. адам тұрады.



 **7-тапсырма.** Осы сызба негізінде төменде берілген жағдаяттарға сұхбат құрыңыз. Сұхбаттасу барысында айтылған ойға түрлі көзқарастарыңызды (салыстыру, таңдану, күмәндану) білдіріңіздер.



Тыңдаймыз. Оқимыз.

8-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын айтыңыз.

Еліміздегі демографиялық мәселелер

Қазақстанның нығаюына қатысты аса маңызды мәселелердің бірі – ол демографиялық ахуал жағдайы.

Егемендіктің алғашқы жылдары кезінде үдеріс алған демографиялық дағдарыстың ең ауыр салдары – Қазақстан халқы 1989-1999 жылдар аралығында 1,5 млн-нан астам адамға, яғни 8,2%-ға азайды. Халық санының азаюы 2002 жылға дейін созылып, 2003 жылдан бастап аз да болса өсе бастады. 2005 жылдың басында 15 млн-нан асты. Бұл жағдайдың негізгі себебі тек 1991-1999 жылдарда сыртқа кеткен көші-қон нәтижесінде республика халқы 1 млн 54 мыңнан астам адамға кеміді. Сыртқа кеткендердің басым көпшілігі өз тарихи отандарына қайта оралғандар еді, олардың ішінде тек 1993-1998 жылдары 1 млн-нан астам шығыс славян (орыс, украин, беларусь), 400 мыңға жуық неміс болды.

Өмір сүру ұзақтығы 1991 жылмен салыстырғанда 4,7 жылға ұзарған. Соның ішінде ер адамдар - 5,3, әйелдер - 4,5 жылға дейін ұзағырақ өмір сүреді. Жалпы алғанда тәуелсіздік жылдарынан бері Қазақстандағы адам саны 9,5%-ға өскен.

1 маусымда Қазақстандағы халық саны 18 014,2 мың деп мәлімделген болатын. Оның себебін елімізде бала туу көрсеткішінің өсуімен тікелей байланыстыруға болады. Сонымен бірге сәби өлімі керісінше төмендеген. Мәселен, 2016 жылғы статистика бойынша сәби өлімі 11,6%-ға азайған.

Қазақстан халқының санын көбейтіп, құрамын нығайту үшін табиғи өсім мен сырттан келетін көші-қонды оң пайдалану керек. Шетелдегі қазақтардың жалпы саны 5,5 млн адам болса, олардың негізгі бөлігі Қытай, Моңғолия,

Түркия, Иран сол сияқты Ресей мен Өзбекстанда және басқа елде де тұрады. 1991-1995 жылдар ішінде Республикаға 137919 адам келсе, оның жартысынан көбі 69819 адам немесе 5-6% жақын шетелдерден негізінен алғанда Ресей, Украина, Тәжікстан, Балтық елдері мен Кавказдан көшіп келді. Моңғолиядан 61040, Ираннан 4372, Түркиядан 2007, Қытайдан 443, Ауғанстаннан 18 адам оралды. 2000 жылдардың басында жақын шетелден келушілер легі көбірек болды.

Тәуелсіздік жылдарында 1 миллион қандасымыз қайта оралды. Оның өзі – үлкен жақсылық. Халық негізі екі түрлі жолмен көбейеді. Біріншіден, жергілікті жұрттың табиғи өсіміне жағдай жасап, мемлекет тарапынан қамқорлықты күшейте түсу қажет. Екіншіден, шет мемлекеттердегі қазақтардың елімізге келуіне, тұрақтанып тұрып кетулері үшін қолдау қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей еліміздің басты байлығы – халық екені баршаға мәлім. Сондықтан, еліміз болашақта әлемдік қауымдастықтағы өркениетті елдердің қатарында нық және мығым тұруы үшін халқымыздың саны өсуі керек.

(//Егемен Қазақстан газеті материалынан. 2012 ж.).



Мәтінге байланысты сұрақтарға жауап беріңіз:

- Егемендіктің алғашқы жылдарындағы демографиялық дағдарыстың себебі неде?
- Сыртқа кеткендердің дені кімдер?
- Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстандағы адам саны қаншалықты өсті және не себепті артты?
- Халық санын көбейту үшін не істеу қажет?
- Қазақтар қандай шет мемлекеттерде тұрады?
- Халық қандай негізгі жолдармен көбейеді?
- Демографиялық проблемаларды шешудің жолдары бар ма?
- Халық көші-қонының маңызы неде?



9-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіндердегі ақпараттарды қорыта келе, ұяшықтарға халық санын арттыруға қатысты кілт сөздерді жазып шығыңыз. Оларға тоқталып, ойыңызды дәлелдеңіз.





10-тапсырма. Берілген сөздерге салыстырмалы шырайдың *-рақ, -рек /-ырақ, -ірек / лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу* қосымшаларының бірін жалғап, лексикалық тақырып төңірегінде шағын әңгіме құраңыз.

Көп, аз, үлкен, артық, кем, жылдам, баяу, ауыр, жеңіл, ұзақ, төмен, жоғары, күшті, жақсы, жаман.



11-тапсырма. Берілген мақалдардың мағынасын ашыңыздар.

Мақалдар	Мағынасы
Айрылған ел – азады, қосылған ел – озады.	
Елге ел қосылса – құт, желге сел қосылса – жұт.	
Шетте жүріп тарығарсың, өз елінді сағынарсың.	
Іргесі берік елді жау алмас, дауысы бірге елді дау алмас	
Басқа жердің отынан туған жердің түтіні артық.	

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША СӨЗДІК

халық санағы	перепись населения
өсу қарқыны	темпы роста
көшу-қону	миграция
табиғи жағдай	природные условия
ұдайы өзгеріс	постоянное изменение
халықтың табиғи өсімі	естественный прирост населения
ұрпақ алмасу	смена поколений
қоныс аудару	менять местожительство
элеуметтік ахуал	социальная ситуация
демографиялық дүмпу	демографический бум
демографиялық өсім	демографический рост

Қорытынды тапсырма:

а) Өтілген грамматикалық және лексикалық материалдарды қайталау;

- ә) «Елімнің ертеңі жарқын» тақырыбына шағын эссе жазу;
- б) <https://www.youtube.com/watch?v=EOXWfPMXioI> сілтемесінен демография туралы мәліметті тамашалаңыз.

Пайдаланылған дереккөздер

1. Иманқұлова С.М. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі. Алматы, Қазақ университеті, 2014 ж.
2. baribar.kz
3. <http://e-history.kz/kz>
4. <https://www.zharar.com>
5. <http://www.qamshy.kz>
6. //Егемен Қазақстан газеті
7. //Дала мен қала газеті